

**Қарағанды мемлекеттік медицина университеті**

**Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы**

**СӨЖ**

**Тақырыбы: “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама”**

**Орындаған: 123 топ ЖМФ**

**студенті Смагулов К.А.**

**Тексерген: Алиева М.Т.**

**Қарағанды 2010 ж.**

# Жоспары:

- Кіріспе
- Негізгі бөлім:
  1. Қазақ – Жоңғар шапқыншылығы
  2. Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама жылдарындағы Қазақ хандығы
  3. Халық саны
  4. Қазақ ауылдары қай жаққа кетіп, бас сауғалады?
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

# Кіріспе

*“Қазақ тарихында қазақ ұялатындай ештеңе жоқ”*


*Н.Ә.Назарбаев*

- Қазақ хандығында жүздер арасындағы тұрақты саяси және экономикалық байланыстардың болмауы, қазақ феодалдарының өзара тартысы көрші мемлекеттердің шабуылдауына жол ашты:
  - Солтүстік – батыстан – башқұрттар;
  - Солтүстіктен – Сібір хандығы;
  - Оңтүстіктен – Қоқан, Хиуа хандықтары;
  - **Шығыстан – Жоңғария;**
  - Оңтүстік – шығыстан – Қытай.
- Қазақ жеріне әсіресе қауіп төндіргені – **Жоңғар мемлекеті**. Жоңғар қонтайшыларының басты мақсаты:
  - ❖ Қазақ елінің тәуелсіздігін жойып, өзіне бағындыру.
  - ❖ Қазақ жерін иемдену.

# Қазақ – Жоңғар шапқыншылығы

1\_kz.swf

2\_kz.swf








# Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама жылдары

- 1723 жылы ерте көктемде жоңғарлар қазақ жеріне тағы да соғысуға келді. Шуна Дабо деген қалмақ басқарған бұл шайқас *екі* бағытта жүруі тиіс еді. Бірінші бағыт Қаратауды басып өтіп, Шу мен талас өзендеріне шығу болса, екінші бағыт қазақтарға соққы беріп, Шыршық өзеніне жету болатын. Бұл жоспарды іске асыру үшін әскерлер *жеті топқа* бөлініп, оның бірі Жетісу Алатауының етегіндегі Балқаш көліне құятын төрт өзеннің бойына топтастырылды. Қалмақтың ірі қолбасшысы Амурсана басқарған *70 мың* адамнан тұратын екінші бір тобы Іле өзені бойына, Кеген өзенінің солтүстік жағасына, Нарын өзенінің күншығыс жағынадғы Кетпен тауы баурайына орналасты.

- 
- A hand is shown holding a small globe of the Earth. Overlaid on the globe is a map of Central Asia, highlighting the regions of Kazakhstan, Uzbekistan, and Turkmenistan. The background is a soft, warm light, suggesting a sunrise or sunset.
- Бейғам отырған қазақтар аямай қырылды. Жоңғарлар Жетісуды, Ұлы жүзді қырып-жойып, Ұлы жүз, Кіші жүз жеріне де жетті. Халық басы ауған жаққа шұбырды. Ұлы Жүз бен Орта Жүздің қазақтары Самарқан пен ходжентке қарай шұбырды. Кіші жүз қазағы Хиуа мен Бұхараға ағылды. Босқындардың біразы Сырдың сол жағындағы Алакөл маңына топтасты. Халық бұл кезенді **«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»** деп атады. «Елім-ай» деген ән туды.
  - Осы жағдайдан кейін халық ең соңында бірігудің қажеттігін түсінді. 1728 жылы Әбілхайыр бастапан Кіші жүз жасақтары, Тайлақ батыр, Саурық батыр бастапан әскерлер Ырғыз уезінің оңтүстік шығыс бетіндегі Бұланты өзенінің жағасында **«Қара сиыр»** деген жерде қалмақтарға қарсы соққы берді.



# Аңырақай

- 1730 жылы көктемде Балқаш көлі маңында тағы соғыс басталды. Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, сияқты батырлар бастапан қазақ жасақтары жоңғарларға аяусыз соққы берді. Бұл жер кейін «Аңырақай» деп аталып кетті. Шуно Дабо бастапан қалмақтар Іле өзені бойымен шығысқа қарай қашуға мәжбүр болды. Қазақ жерін азат ету жолындағы соғысты жеңіспен аяқтау үшін Үш жүздің әскерлері Шымкентке таяу Ордабасы деген жерге жиналды. Қолбасшы болып Әбілхайыр мен Бөгенбай сайланды.

*Ақтабан шұбырынды,  
Алқакөл сұлама*

*Бұл қырғын жаппай барша қазаққа ауды,  
Наймандар тастап көшті Алтай тауды.  
Жалайыр, Найман - Қоңырат, Қарақалпақ,  
Қиналды тоқтата алмай келген жауды.*

*Теріскей Алатауды қалмақ алды,  
Найман мен Қоңыратты қуып салды.  
Қайран жер жау иелігіне көшкеннен соң,  
Жоңғардың Алатауы деп аталды.*

*Сауыр, Сайхан тауларын Ойрат алды,  
Қаңырап Тарбағатай, Жайсаң қалды.  
Найзалап балаларды қанішер жау,  
Аямай қырды әйел мен кемпір-шалды.*



"КӨШ" деп аталатын монетаның бет жағына киіз үйдің жанында тұрған ақсақалдың бейнесі салынған

# Халық саны


- Қазақ халқы сәтті өсіп келе жатқан кезінде алғаш рет қатты жауапкершілікке ұшырар «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарына тап болды. Осы екі жылдың қияметті кезең халқымыздың тірнектеп 258 жыл бойы жинаған санының жартысын жоқ етіп, оны демографиялық деңгейі жағынан 128 жылға төмен түсіріп тастады.
- 1725 жылдан бастап 191 жылға созылған (1916ж.) екінші сәтті демографиялық қайта өсу кезеңіміз басталды. Осы кезеңде, яғни 1916 жылға дейін қазақтың саны 2,5 еседен астам қайтадан өсті. Ақтабан шұбырындының шығыны *100 жылда* әрең тоқтады.

Жылдар	Жалпы саны	Орташа жылдық кемуі (-), өсуі (+), қарқыны (%- есептегенде)
1465ж.	1 млн. 100 мың	-
<b>1723ж.</b>	<b>3 млн. 330мың</b>	<b>+0,8%</b>
1725ж.	2 млн. 222мың	-16,8 %
1845ж.	3 млн. 600мың	+0,5%
1900ж.	5 млн. 000мың	+0,7%
1916ж.	5 млн. 650мың	+0,8%
1921ж.	4 млн. 800мың	-3,0 %
1931ж.	5 млн. 450мың	+1,3 %
1933ж.	3 млн. 400мың	-12,5 %
1941ж.	3 млн. 750мың	+1,3 %
1945ж.	3 млн. 150мың	-4,0 %
1950ж.	3 млн. 460мың	+2,0 %
1960ж.	4 млн. 470мың	+3,0 %
1970ж.	6 млн. 280мың	+4,0%
1980ж.	7 млн. 990мың	+2,7 %
1990ж.	10 млн. 000мың	+2,5 %
2000ж.	12 млн. 300мың	+2,3 %
2015ж.	15 млн. 000мың	+1,5 %
2040ж.	18 млн. 500мың	+0,9%
2090ж.	23 млн. 000мың	+0,5%
2165ж.	26 млн. 500мың	+0,2%
2300ж.	30 млн. 000мың	+0,10 %
2500ж.	33 млн. 000мың	+0,05 %



# Қазақ ауылдары қай жаққа кетіп, бас сауғалады?

- Жоңғар қысымымен қазақ ауылдары туған жерлерін тастап, іргелес аудандарға үдере көшті:
- ❖ Ұлы жүз және Орта жүздің бірқатар рулары – Шыршық өзенінің Сырдарияға құяр саласынан жоғары өтіп, Ходжентке беттеді;
- ❖ Орта жүз рулары – Самарқандқа;
- ❖ Кіші жүз рулары – Ырғыз, Торғай, Жайық, Ор өзендеріне;
- ❖ Қазақтардың бір бөлігі Тобыл губерниясына қарай ЖЫЛЖЫДЫ.



Айырылған соң қоныстан,  
Өкшесі елдің сырылып.  
Қатын-бала, кемпір-шал,  
Әр жерде қалды қырылып.

Бұл заман, қай-қай заман, Орлы заман,  
Орнаған Үш жүз үшін торлы заман.  
Атадан ұл, анадан қыз адасып,  
Жұртымды тентіреткен сорлы заман.

Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көш бас сайын бие, іңген бос келеді.  
Ауылдар жұбын жазбай бірге көшсе,  
Бір-бірін қиын жолда ес көреді.

\*\*\*

Қалған жан аман жүріңдер,  
Соғысып жаумен көріңдер!  
“Елім-айдай” хиссамды,  
Бәрің жатқа біліңдер!

**Қожаберген жыраудың “Елім-ай” дастанынан үзінді**



# Қорытынды

- XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығы ішкі-сыртқы аса ауыр жағдайға душар болды. Алтайдан Атырауға дейінгі байтақ даланы алып жатқан қазақ халқы жерінің географиялық ерекшелігіне қарай үш жүзге бөлініп өмір сүрді. Қазақ хандығында үстемдік еткен әскери-федалдық шонжарлар арасында ішкі тартыс күшейе түсті. Сонымен қатар бұл мезгілде қазақ-жоңғар қатынасы мейлінше шиеленісіп, қазақ хандығына үздіксіз шабуыл жасады.
- Қазақ хандығына түскен осы жылдардағы қасіретті әрбір қазақпын деген азаматтың жадында сақталатыны анық...
- Осы кездегі халық саны азайып, елдің берекесі кеткен кезде қазақтың бетке ұстар елім хандары мен жерім деген батыр ұлдары елі мен жері үшін өздерін ұстай біліп, ең артында жау қолына тойтарыс бере білді...

# Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Қожаберген жыраудың “Елім-ай” хисса дастаны
- “Қазақстан тарихы”, оқулық-тест, Ермұханова Х.К., Алматы – 2005, Шың кітап
- Қазақ қайтсе көбейеді? Алматы. 2006
- Қазақстан тарихы. 5-томдық. 3-том., 1-бөлім. 1,2,3,6,7,8-тараулар.
- Рысбайұлы К., “Қазақстан Республикасының тарихы”, 4-бөлім
- Әбсаттаров Р.Б. Әлеуметтану. Алматы. 2003
- [www.kazakh.ru](http://www.kazakh.ru)
- [www.elim-ai.kz](http://www.elim-ai.kz)